



«АЛАШТАНУ» КУРСЫ (БАСТАМА РЕТІНДЕ)

Ә.Н. Өзбекбай

7М017001- Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы
Сулейман Демирель атындағы университет

Аңдатпа

«Алаштану» курсы (бастама ретінде): «Алаштану» курсы бірлі-жарым мектептерде оқыту шаралары қолға алынғанымен, алаш идеясын жан-жақты, тыңғылықты әрі жүйелі түрде жоғары мектептерде оқытудың ғылыми-әдістемелік кешені әлі жасақталмаған. Бұл тақырып бүгінде ғалымдар арасында арагідік сөз болғанымен, түпкілікті шешімін таппай келе жатқан күрмеуі қиын мәселелердің біріне айналған.

XX ғасыр басындағы ұлт зиялылары қалыптастырған тәуелсіз Алаш идеясы қоғамдық сананың ең биік көрінісі еді. «Алаш» қозғалысы, «Алаш» партиясы, алаш идеясы, Алашорда үкіметі – ұлт тәуелсіздігі үшін күрескен, ұлттық рухпен, мемлекетшілдік идеямен сусындаған қайраткер тұлғалардың ерен еңбегінің, қажыр-қайратының, ерік-жігері мен ұшан-теңіз білімдерінің нәтижесі болатын. Сол қисапсыз білімдерін, ұлтын шексіз сүйген әзиз жүректерін алаш алыптары қазақ жері мен мемлекеттілігін сақтауға, халықтың ұлттық идеясы мен рухани-мәдени, тарихи санасын қалыптастыру жолында жұмсады. Сондықтан да алаш көсемдерінің ел игілігі жолында атқарған игі істерінің мәні мен маңызын, тарихи құндылығын болашақ мамандардың жадында жаңғыртып, олардың ұлттық сана-сезімдерін, ұлтжандылық, зияткерлік қасиеттерін, азаматтық көзқарастарын дамытуға тиіспіз. Халқымызда «көргені бар көргенін істейді, көргені жоқ ойына келгенін істейді» деген ойлы сөз бар. Олай болса, студенттерді көргені мен түйгені мол XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының еңбектері арқылы кәсіби біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарды жете бағалайтын маман етіп тәрбиелеуіміз керек.

«АЛАШТАНУ» КУРСЫ (БАСТАМА РЕТІНДЕ)

Алаш идеясы қазақтың ұлттық бірегейлігін, халқымыздың азаттығы мен бостандығын сақтау жолындағы елдігіміздің рәмізіндей болған бірегей идея. «Алаштың басты мақсаты – қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл жедел жаңғыру, яғни модернизация біздің бағытымызға да сай келеді. Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеяны ту етіп көтеруді табыстап кетті» [1. 173], – деп Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, Алаш зиялыларының рухани мұрасынан тағылым алу, оны әрі қарай жаңғырту ұлттық идеологияның бастауы болуы тиіс.

Алаш қайраткерлерінің тәуелсіз мемлекет құру туралы өршіл рухы қазақ елінің елдік мұратын саясат пен руханият тұрғысынан қатар айқындады. Алаш идеясы арқылы қазақ халқының саяси-әлеуметтік, экономикалық, құқықтық атрибуттары мен тарихи санасын қалыптастыру көзделді. Алаш зиялыларының атқарған істері ұлтты ұйыстырудың, мемлекеттің тұтастығын сақтаудың, ең бастысы тәуелсіз мемлекет құрудың алғышарты болды.

Бүгінгі заманауи Қазақстан қоғамында жастарға ұлттық тәрбие беру, ұлттық мүдде мен құндылықтарды таныту мәселелері білім беру үдерісінің басты факторына айналды. Бұл дегеніміз туған халқының өткені мен бүгінін, болашағын бағдарлап, ана тілі мен төл мәдениетін, мәдени-рухани құндылықтарын қастерлейтін тұлға дайындау дегенді білдіреді.

Құндылықтар алмасқан бүгінгі қоғамда қазақ жастарының белгілі бір бөлігінде ұлттық сана, салт-дәстүр, діл мен тарихты түйсінуге деген белсенділік байқалмайды. Өз елінің тарихын, салт-санасы мен әдет-ғұрпын, тілі мен ділін білмеу ұлттың келешегіне айтарлықтай қауіп туғызып қана қоймай, ұрпақ сабақтастығының, заман жалғастығының жойылуына әкеліп соғары анық. Сондықтан да ЖОО-да (тіпті

мектептен бастап) кәсіби білім беру барысында болашақ мамандардың зияткерлік, интеллектуалдық, ұлтжандылық қасиеттерін арттыруда алаштық сананы сіңірудің пайдасы зор болмақ. Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Ұлттық тарихқа заңды мақтаныш көзі және мәдени таным-түсініктің тірегі ретінде қарататын біртұтас көзқарас орнықтыру» [2. 61] жолында Алаш зиялылары бастаған ұлттық идеяның өміршең екендігі күн өткен сайын дәлелденуде. Сондықтан да студенттердің ұлттық сана-сезімін, рухани-шығармашылық әлеуетін қалыптастыру Алаш идеясы аясында жүзеге асырылуы тиіс. Ал бұл бағытта, яғни болашақ мамандарға ұлттық білім мен тәрбие беруде Алаш идеясы арнайы қолданбалы мәнге ие дербес ғылыми пән ретінде «Алаштану» курсы деген атпен ЖОО-ның оқу бағдарламасына енгізілуі және ұлттық бағдарлама деңгейіне көтерілуі керек. Сол себепті де Алаш идеясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік аппаратын құру, жас мамандардың ұлттық рухын, сана-сезімін, зияткерлік әлеуеті мен жаңа қазақстандық патриотизмін қалыптастырудың феномені ретінде «Алаштану» курсының оқытуды жүзеге асыру жолдарын талдау осы магистрлік диссертация жұмысының өзектілігін құрайды.

Алаштану тарихнамасы жайлы алғашқы ой-пікірлер мен ғылыми зерттеулер өткен ғасырдың 20-жылдарында мерзімді баспасөз беттерінде там-тұмдап жариялана бастады. Оның көш басында ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы тұрды. 1919 жылы Ресей Ұлт істері өткізген «Жизнь национальностей» апталығында А.Байтұрсынұлы «Революция және қазақтар» атты мақала жариялап, онда Алаш қозғалысының бастаулары, Алаш автономиясының мақсаты жайлы жан-жақты талдау жасайды. Ал тәуелсіздік алғаннан кейін ел тарихындағы айтылмай келген «ақтаңдақтар» мен ұлт мүддесі жолында жан аямай күрескен қайраткерлердің еңбектері қайта сарапталып, ғылыми тұрғыда жүйелене бастады. Осы орайда, магистрлік диссертация тақырыбына өзек болып отырған Алаш идеясы, алаштану мәселесі төңірегінде ҚР Президенті Мұрағатында сақталған құжаттар

негізінде біршама зерттеу еңбектері жарық көрді. Дегенмен олардың дені тарихи тұрғыда жазылды. Атап айтқанда, М. Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты», К.Нұрпейісовтың «Алаш һәм Алашорда», С.Смағұлованың «Көлбай Төгісов және «Үш жүз» партиясы», Р. Нұрмағамбетованың «Движение Алаш и Алашорда: историография проблемы» т.б. зерттеулері бар.

Қазіргі таңда алаштану ғылымы мен алаштанушы-ғалымдардың шоғыры қалыптасты. Мәселен, С. Аққұлұлы, М. Қойгелдиев сынды көрнекті тарихшы-ғалымдар мен Қ.Сақтың жетекшілігімен жарық көрген «Алаш көсемсөзі» көптомдығында Алаш қозғалысы мен оның тарихи тағылымы, Алаш зиялыларының атқарған қоғамдық-саяси, мәдени-ағартушылық қызметтері жан-жақты қарастырылса, Т. Жұртбай («Біртұтас Алаш идеясы»), А. Исмақова («Алаштану ғылымы», «Алаш әдебиеттануы»), Д. Қамзабекұлы зерттеулерінде алаш идеясының әдебиеттану тұрғысынан бейнеленуі ғылыми тұрғыда дәйектеледі.

Сонымен қазақ тарихындағы ұлы Алаш идеясы мен алаш арыстарының еңбектері біршама зерттеп-зерделенгенімен, осы ұлттық идеяны жоғары оқу орындарында оқытудың ғылыми-әдістемелік кешені жасалмаған. Дегенмен тақырыптың теориялық негізін жазуда жоғарыда аталған алаштанушы-ғалымдардың, басқа да осы бағытта жазылған ғылыми пайымдаулар зерттеу мақсатына сәйкес қолданылды.

XX ғасыр басындағы ұлт зиялылары қалыптастырған тәуелсіз Алаш идеясы қоғамдық сананың ең биік көрінісі еді. «Алаш» қозғалысы, «Алаш» партиясы, алаш идеясы, Алашорда үкіметі – ұлт тәуелсіздігі үшін күрескен, ұлттық рухпен, мемлекетшілдік идеямен сусындаған қайраткер тұлғалардың ерен еңбегінің, қажыр-қайратының, ерік-жігері мен ұшан-теңіз білімдерінің нәтижесі болатын. Сол қисапсыз білімдерін, ұлтын шексіз сүйген әзиз жүректерін алаш алыптары қазақ жері мен мемлекеттілігін сақтауға, халықтың ұлттық идеясы мен рухани-мәдени, тарихи санасын

қалыптастыру жолында жұмсады. Сондықтан да алаш көсемдерінің ел игілігі жолында атқарған игі істерінің мәні мен маңызын, тарихи құндылығын болашақ мамандардың жадында жаңғыртып, олардың ұлттық сана-сезімдерін, ұлтжандылық, зияткерлік қасиеттерін, азаматтық көзқарастарын дамытуға тиіспіз. Халқымызда «көргені бар көргенін істейді, көргені жоқ ойына келгенін істейді» деген ойлы сөз бар. Олай болса, студенттерді көргені мен түйгені мол XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының еңбектері арқылы кәсіби біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарды жете бағалайтын маман етіп тәрбиелеуіміз керек.

Өкінішке орай, бүгінде біршама ғылыми еңбектер жарық көріп, әр түрлі деңгейде ғылыми-практикалық, теориялық конференциялар өткізіліп жатқанымен, алаш идеясын, оның тарихы мен тағылымын танып-білу мәселесі «бәрекелді» дегізбейтіндігін жоғарыда айтып өттік. Ұзақ жылдар бойы тыйым салынып келген алаш тақырыбы мен алаш қайраткерлерінің еңбектері 1988 жылы туған халқымен қауышқаннан кейін ғана, алаштанушылар бұл мәселемен түбегейлі айналыса бастады. Десе де, бейресми ақпарат бойынша бұл тақырып төңірегінде өндірте жазып, зерттеп, насихаттау тұрғысында кедергілер болғаны аян. 2008-2012 жылдары ҚР Үкіметінің Қаулысы шыққаннан кейін ғана алаштану ғылымы жайлы еліміздің әр түкпірінде үгіт-насихат жұмыстары жүргізіле бастады. «Алаштану» курсы мектептерде оқыту мәселесі көтерілді. Алайда алаш тарихы мен алаш идеясының маңызы туралы арнайы пән әлі күнге дейін оқытылмайды. Белгілі алаштанушы-ғалым, профессор А.Ісімақованың: «Алаш қайраткерлері мен сол кезеңдегі қазақ тарихы бүгін мектептер мен жоғары оқу орындарында кеңес үкіметі тарихының айнамас бір бөлігі ретінде қарастырылып, оқытылады. Шындап келгенде, бізде Алашорда тарихына жан-жақты бойлау, қазақ тарихына ұлтымыздың тарихы деп қарау жетіспейді. Жалпы алаштану қазақ тарихының үлкен бір тармағы болуы керек» [3. 2], – деген пікірі алаштану ғылымының әлі де жолға қойылмағандығын айғақтайды.

Осы орайда, «Алаштану» курсы ЖОО-да оқытудың ешбір бағдарламалық нұсқаулығының жоқтығын ескере отырып, әрі зерттеу жұмысының ғылыми-әдістемелік аспектілерін зерделеу барысында қол жеткізген табыстардың бірі ретінде «Алаштану» пәні туралы академиялық ақпаратты ұсынамыз. ЖОО-да «Алаштану» пәнін оқыту мәселесі арнайы зерттелмегендіктен, бұл академиялық ақпарат аталмыш курсты оқытудағы әдістемелік бағдарламаның алғышарттарының бірі деуге болады. Сонымен қатар «Алаштану» пәнін жоғары мектепте оқытуда студенттердің ұлттық сана-сезімі мен отансүйгіштік қасиетін әлеуметтік, азаматтық белсенділіктерін қалыптастыра отырып, алаш идеясын теориялық, қолданбалы мәнге ие дербес ғылыми пәннің нысанына айналдыруымыз қажет. Сонда ғана «Алаштану» курсы болашақ мамандардың ұлттық рухын, зияткерлік әлеуетін арттыратын, қазіргі қоғамда рухани-мәдени тұрғыда аса сұранысқа ие феномен болады.

Оқу нәтижесінде қалыптасатын пәндік құзыреттіліктер:

- Алаш қозғалысына қатысты материалдармен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту;
- Ұлт мұраты жолында күрескен алаш қайраткерлерін құрметтеуді және ұлттық дәстүрлердің құндылығын түйсініп, тарихи фактілерді зерделеу деңгейін дамыту;
- Алаш қозғалысының мәдени тәжірибесі негізінде әлемдік өркениеттерге, зайырлы қоғамға құрметпен қарау дағдыларын қалыптастыру;
- Болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін жетілдіре отырып, мемлекет тұтастығын, тәуелсіздігін сақтау жолында белсенді әрі саналы әрекет ете алатын, өзге мәдениеттің өкілдерімен салиқалы сұхбат құра алатын жаңа буынды қоғамның сапалы мүшелерін дайындау;

Студенттердің топта өзара ынтымақтаса жұмыс жасай алу және көпшілік пікірімен санасып, өз ойын дәйектей алу, креативті шығармашылық қабілетін дамыту, т.б.

«Алаштану» пәнінде оқытылатын тақырыптар тізбесі (эксперимент ретінде)

	Оқу курсының мазмұны	Дәріс	Семинар	СОӨЖ	СӨЖ	Барлығы
1	<i>Кіріспе.</i> Кеңестік және тәуелсіз Қазақстан тарихнамасындағы Алаштану мәселесі. Алаш идеясының әдеби, тарихи-деректік негіздері.	1	1	1	2	5
2	XX ғасыр басындағы қазақ даласындағы қоғамдық-саяси ахуал және «Алаш» қозғалысының қалыптасуы мен дамуы. Антиимпериалистік күрес барысындағы ұлттық оппозицияның құрылуы. Алаш идеясы және қазақ мемлекеттілігін жаңғырту мәселелері.	2	2	3	4	11
3	XX ғасыр басындағы қазақ ұлттық баспасөзінің жандануы. «Айқап», «Қазақ», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Абай» т.б. газет-	2	2	2	3	9

	журналдардың жарық көруі және олардың қоғамдық-саяси, тарихи-мәдени, ағарту ісіндегі қызметі, әлеуметтік мәні мен маңызы					
4	Қазақ интеллигенциясы және Қарқаралы петициясы. «Оян, қазақ!» тұжырымдамасы.	1	1	3	2	7
5	1917 жылы Орынборда өткен Бірінші жалпықазақ съезі. «Алаш» партиясының қалыптасуы. Тәуелсіз «Алаш» идеясы және қазақ мәселесі.	1	1	2	3	6
6	1917 жылғы 5-13 желтоқсандағы Екінші жалпықазақ съезі және Алашорда үкіметінің құрылуы. Ұлттық элита өкілдерінің көпвекторлы саясаты. Алаш арыстарының ішкі-сыртқы саясаттағы ұстанымдары мен осы бағыттағы іс-шаралар. Жергілікті баспасөздің өркендеуі	1	1	3	2	7
7	Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметі мен олардың ұлттық-демократиялық көзқарастары. Алаш арыстары	2	2	2	3	9

	кұрған мәдени-ағарту ұйымдарының («Еркін дала» (Орынбор), «Жанар» (Семей), «Қамқор» (Торғай), «Жас қазақ» (Орал), «Үміт» (Троицк), «Оқығандар» (Көкшетау), «Ынтымақ» (Атбасар), «Қызмет» (Кереку), «Жас тілек» (Ақтөбе), т.б.) өнер мен білім, ғылым саласын дамытуда атқарған қызметтері					
8	Алаш қайраткерлерінің ағартушылық саласындағы атқарған еңбектері мен ғылыми ізденістері. А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлының көсемсөздік қызметтері. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш», «Тіл-кұрал» еңбектері және алаш қайраткерлері жазған мектеп оқулықтары. Ә.Бөкейхановтың, М.Тынышпаевтың, Х.Досмұхамедұлы мен С.Аспандиярұлының әдеби, тарихи зерттеулері.	1	1	2	2	6

9	Қайраткер-қаламгерлер тұлғасы: Н.Төрекұлұлы, С.Сәдуақасұлы, С.Қожанұлы және т.б. алаш арыстарының шығармашылығы. Қазақ білімпаздарының 1924 жылғы съезі. Әліпби, терминология, аты-жөн, оқу бағдарламасы, ауыз әдебиеті, т.б. мәселелер төңірегіндегі ғылыми ой-танымдар. 1926 жылы Бакуде өткен түркітанушылар съезі.	1	1	3	2	7
10	Алаш идеясын қаралау саясаты. Ұлт көсемдерінің қоғамдық-саяси істерден шеттетілуі. «Оңшыл», «ұлтшыл-уклонист», «байшыл- алашордашылдар» деп айыпталған қазақ зиялылары. Алаш қайраткерлерінің қуғындалуы. 1937 жылғы репрессия науқаны және оның тарихи тағылымдары	1	1	2	2	6
11	Алаш зиялыларының ақталуы. «Жас тұлпар» ұйымы мен «ЕСЕП» партиясының бұл бағыттағы ізденістері. Алаш	1	1	2	3	7

	көсемдерінің рухани мұрасы және оның зерттелуі.					
12	Кеңестік және тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті мен ұлт-азаттық сарындар, «Алаш» ұранды өлең-жырлар. Қазақ әдебиеттануы саласындағы ұлттық ояну көріністері. «Алқа» ұйымының бағдарламасы.	1	1	3	2	7
	Барлығы	15	15	30	30	90

Сонымен кәсіби маман даярлауда ЖОО-да «Алаштану» курсының оқытудың дидактикалық заңдылықтары жалпыпедагогикалық қағидаларға сүйене отырып, оқытушының әдістемелік шеберлігі негізінде пәнді ұйымдастырып, оны жүзеге асыра білу құзіретімен тығыз байланысты екендігін айта кетуіміз керек. Пәнге қатысты білім мазмұнын бірсарындылықтан арылтып, студенттердің тұлғалық қабілетінің дамуына ықпал ететін оқыту тәсілдерін интербелсенді әдістер арқылы технологияландырудың маңызы зор болмақ. Яғни, дәріс, семинар, практикалық сабақ, студенттің өздік жұмысы мен оқытушымен бірлесе атқаратын жұмыстарын орындауда интерактивті әдістерді ұтымды қолдану, студенттерді өз бетінше ізденіске, жаңашылдыққа жетелейтін тапсырмалар беру оқу материалын нәтижелі меңгертумен қоса, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын, мамандығына деген зор жауапкершілігі мен сүйіспеншілігін қалыптастырады. Сонымен қатар, тұлғаның шығармашылық потенциалын дамытып, интеллектуалдық-кәсіби қабілетін, ой-өрісін, ғылыми дүниетанымын дамытады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 298 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
4. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. Алматы: Атамұра, 2003. – 256 б.
5. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 1 том. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 720 б.
6. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. Астана: «Kul Tegin», 2005. – 264 б.
7. Исахан М. «Алаш» атауының шығу төркіні туралы ой-тұжырымдар // «Ақиқат» журналы. 8 қараша, 2012 жыл.
8. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: Жалын, 1994. – 399 б.
9. Қазақ/ Құраст. Субханбердина Ү. және т.б. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 560 б.